

Отырар аудандық мәслихатының 2013 жылғы 16 тамыздағы 17/103-V " Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар аудандық мәслихатының 2014 жылғы 19 желтоқсандағы № 33/189-V шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 23 қаңтарда № 2973 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар аудандық мәслихатының 2016 жылғы 11 шілдедегі № 3/19-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар аудандық мәслихатының 11.07.2016 № 3/19-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 56-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 6 бабының 2-3 тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Отырар аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Отырар аудандық мәслихатының 2013 жылғы 16 тамыздағы 17/103-V " Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2378 нөмірімен тіркелген, 2013 жылғы 27 қыркүйектегі "Отырар алқабы" газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген шешімімен бекітілген әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасында:

7-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"1) 8 наурыз "Халықаралық әйелдер күніне" орай – Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен тылда еңбек еткен ардагер әйелдеріне, көп балалы аналарға, біржолғы 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

1-1) 21-23 наурызда (Наурыз мейрамы) - Қаза тапқан әскери қызметшілердің отбасылары, атап айтқанда:

Ауғанстандағы немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттердегі ұрыс қимылдары кезеңінде жараланудың, контузия алудың, зақымданудың немесе ауруға шалдығудың салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасыларына біржолғы 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

бейбіт уақытта әскери қызметін өткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасыларына біржолғы 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

2) "7 мамыр "Отан қорғаушы күні" - жаттығу жиындарына шақырылып, ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілер, біржолғы 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

3) 9 мамыр "Ұлы Отан соғысының Жеңіс күніне" орай - Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, олардың жесірлеріне, біржолғы 100 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде және қосымша тұтыну заттары түрінде 50 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Ұлы Отан Соғысына қатысушыларына теңестірілген және тыл еңбеккерлеріне, біржолғы 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

4) 1 маусым "Балаларды қорғау күніне" орай – үйде оқып және тәрбиеленетін мүгедек балаларға, біржолғы 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

5) қарттар мен мүгедектер күніне орай – қарттарға, мүгедектерге біржолғы 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

б) жаңа жылдық шыршаға мүгедек балаларға біржолғы 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде."

9-тармақтың б) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

"б) адамның иммун тапшылығы вирусын жұқтырған азаматтары бар отбасыларына ай сайын 22 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріне дейін;"

9-тармақ, 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) жалғыздікті зейнеткерлер мен мүгедектерге 100 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріне дейін."

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы
Аудандық мәслихат хатшысы*

*М.Белгібай
Б.Зұлпыхаров*

